**«Қошақан» ересек тобының тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Бекітемін:** **Аманшеева А.Ж** **Тәрбиеші Спан.Г.Т**

**Білім беру ұйымы М.Жұмабаев атындығы ЖББОМ** Жауқазын шағын орталығы
**Топ** «Қошақан» ересек тобы
**Балалардың жасы** 4-5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 05-09 желтоқсан 2022 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Өз туыңды тап»**<br>Мақсаты: Мемлекеттік рәміздерді тануға үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту** | Әнұран айту.<br>Еліміздің рәміздері жайлы әңгіме жүргізу.<br>Көк байрақтың кескінін жапсыру.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Суретті толықтыр»**<br>Мақсаты: Балаларға берілген суреттерді толықтырып орналастыра білуге үйрету.<br>**Жапсыру** | Балаларды жақсы көңіл -күймен қарсы алу.<br>**Танымдық ойын:**<br>**«Мынау қай пішін?»**<br>Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.<br>**Математика негіздері** | **Суретпен жұмыс «Менің Қазақстаным»**<br>Мақсаты: Отан сүйгіштікке тәрбиелеу. | Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту.<br>**Үстел үсті ойыны «Бөліктерін тап»**<br>Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету.<br>**Құрастыру** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу.<br>Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату.<br>Күн тәртібін | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату.<br>Күн тәртібін сақтауға дағдылану. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сақтауға дағдылану. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері»**<br>Мақсаты: Балаларға рәміздер туралы түсіндіру. Адамгершілікке, елін сүюге тәрбиелеу.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | **«Біреу-көп»**<br>Мақсаты: Балаларға «біреу, көп» мағынасын түсіндіру.<br>Тапсырмаларды орындау,ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Математика негіздері** | **Үстел-үсті ойыны:** «Түсін тап»<br>**Мақсаты:** түстерді сәйкестіндіру<br><br>Есімін атағанда жауап беруге, өзін айнадан және фотосуреттер-ден тануға дағдыландыру;<br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | **«Менің Отаным» өлең**<br>Мақсаты: Отан туралы түсінік беру. Өлеңді мәнерлеп оқуға үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту** | **«Менің досым»**<br>Мақсаты: Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік). | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>Аяқтың ұшымен, сапта бір- бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру. 1–1,5 | **Қазақ тілі**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды анық сөйлей білуді дамыту.<br>Қазақ тіліне тән қ,ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. | **Дене шынықтыру**<br>**Еңбектеу, өрмелеу:**<br>***Жорғалау,*** **өрмелеу:** көлденең тақтада төрт аяқпен жорғалау, құрсаумен өрмелеу; гимнастикалық қабырғаға ауыспалы қадамдармен жоғары және | **Музыка**<br>**Музыка тыңдау.**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың | **Дене шынықтыру**<br>**секіру**: аяқ бірге, аяқ алшақ, бір аяқпен (оң және сол жақта кезектесіп), 20-25 сантиметр биіктіктен, бір жерден ұзындығы (кем дегенде 70 сантиметр).<br>доптарды айналдыру, бір-бірін заттардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру.<br>**Сөйлеуді дамыту Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту**: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін мен жаңылтпаштар айтқызу<br>**Математика Сан, санау**. 4-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. | **Сөйлеуді дамыту** Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету<br>**Математика** Екі катарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>4 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>**Қоршаған орта** Бақылау | төмен көтерілу, арқалықтың, гимнастикалық орындықтың үстіне шығу.<br>**Көркем әдебиет** Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық | қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді колдану.<br>**Математика Шама.** Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру .<br>**Қоршаған орта** | арасына айналдыру; заттарды тік нысанаға (нысананың ортасының биіктігі 1,5 метр) 1,5 метр қашықтықтан лақтыру; доптарды бір-біріне төменнен, бастың үстінен лақтыру және оларды ұстау (1,5 метр қашықтықта).<br>**Көркем әдебиет** Мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған орта** Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту.<br><br>**Сурет салу** Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту.<br><br>**Мүсіндеу** Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. | күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну.<br><br>**Сурет салу** Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «құс тұмсық», «ботакөз» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау<br><br>**Мүсіндеу** Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану.<br><br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді | танытуға баулу.<br><br>**Математика**. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br><br>4 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br><br>**Қоршаған орта** Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел | Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді<br><br>**Музыка**. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы | соңын ойдан құрастыруға баулу.<br><br>**Математика Жиын.** Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу<br><br>**Қоршаған орта** Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту.<br><br>**Сурет салу** Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жапсыру** Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру.<br>**Құрастыру** Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын | өзара бөлісу<br>**Жапсыру** Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа біріздiлігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Құрастыру** Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. | соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.<br>**Сурет салу** Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «құс тұмсық», «ботакөз» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау<br>**Мүсіндеу** Мүсіндеуде қауіпсіздік | домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.<br>**Сурет салу** Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.<br>**Мүсіндеу** Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.<br>**Жапсыру** Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, | халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.<br>**Мүсіндеу** Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану.<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>**Жапсыру** Текшеден дөңгелек пішін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. | | ережелерін сақтау.<br>**Жапсыру**<br>Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Құрастыру**<br>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. | жұмысты ұқыптылықпен орындау.<br>**Құрастыру**<br>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. | тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алу.<br>**Құрастыру**<br>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **«Қағаз бетіне бағдарлау»**<br>Мақсаты: Балаларға пішіндердің басқа заттармен ұқсастығы жайында түсінік беру.<br>**Математика негіздері** | **«Тостаған»**<br>Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, қылқаламды пайдалана отырып затты безендіруді үйрету.<br>**Сурет салу** | **«Өз үйін тап» ойыны**<br>Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру.<br>**Математика негіздері** | **«Нан қайдан келеді?»**<br>Мақсаты: Нанның адам еңбегімен келетінін,оған көп күш жұмсалатынын түсіндіру.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | **«Менің Отаным-Қазақстан»**<br>Мақсаты: Балаларға Туған жер, Отан туралы түсіндіру. Адамгершілікке, елін сүюге тәрбиелеу.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Құрастыру**<br>«Ою өрнектер»<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға ою-өрнек туралы түсінік беру.<br>Құрастыруға үйрету. | **Көркем әдебиет**<br>**«Менің ойыншықтарым»**<br>**М.Әлімбаев**<br>Өлең жолдарын түсіне отырып, жаттау қабілеттерін жетілдіру. Ойыншықтарды атай отырып сипаттауға, сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын қысқа әңгіме құрастыра білуге үйрету. | **Саусақ жаттығуы:**<br>**«Қоянның құлағы»**<br>Ұзын құлақ сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды<br>Ойлы-қырлы жерлермен<br>Ытқып-ытқып жүгірді.<br>**Мақсаты:** Ұсақ қол моторикасын дамыту. | **Саусақ жаттығуы:**<br>**«Қоңырау»**<br>Сыңғырлайды қоңырау,<br>Сыңғыр-сыңғыр стеді.<br>**Мақсаты:** Ұсақ қол моторикасын дамыту. | **Саусақ ойыны:**<br>Саусағымда сақина<br>Санап көрші кәнеки<br>1,2,3 Бір, екі үш<br>Демалайық жинап күш. |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылықты арттыру.<br>Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау.<br>Балаларды | Құмнан түрлі құрылыстарды құрастыру үшін формаларды дайындау. | Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою. | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. | Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | реттілікпен киінуге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | № 17 | № 18 | № 19 | № 20 | № 21 |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | Түрлі балалар әрекетінде (ойын, қимылдық, танымдық, шығармашылық, зерттеу ,эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету ) іске асырылады | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |